КЕЛІСІЛДІ
«Өскемен қаласының
білім беру бөлімі» ММ
басшысының м.а.
_____ А.Маулетханов
«___» _____ 2019 ж.

БЕКІТЕМІН
Өскемен қаласы әкімдігінің
«Оқу-өндірістік комбинаты» КММ
директоры
_____ Б. Искаков
«2» _____ 2019 ж.

7-8 сынып оқушыларына арналған
кәсіби бағдар беру бойынша олимпиаданы өткізу туралы
ереже

1. Жалпы ереже

Кәсіби бағдар беру бойынша олимпиада (бұдан әрі - Олимпиада) Өскемен қаласы әкімдігінің «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ білім алушыларын кәсіби бағдарлау орталығының қызметі шеңберінде өткізіледі.

2. Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Өскемен қаласының білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру саласында оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын тиімді іске асыру, кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастыру сапасын арттыру.

Міндеттері:

- оқушылардың назарын мамандық таңдау мәселесіне аудару;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- патриоттық сезімді тәрбиелеу.

3. Олимпиадаға қатысушылар

Олимпиадаға Өскемен қалалық білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары қатысады.

Олимпиаданың қалалық кезеңіне бір білім беру ұйымынан 2 оқушы қатысады – 7-ші және 8-ші сынып параллелдерінен бір-бір оқушы.

4. Ұйымдастыру

Олимпиада екі кезеңнен тұрады – іріктеу және қалалық.

Іріктеу кезеңі: Өскемен қаласының білім беру ұйымдарының базасында тестілеу түрінде өткізіледі. Іріктеу турына арналған тапсырмалар электрондық пошта арқылы мектептерге 2019 жылдың 9 қазанынан кешіктірілмей жіберіледі. Іріктеу кезеңінде ең көп ұпай жинаған оқушы қалалық деңгейде жарысты жалғастырады.

Қалалық кезең: Гастелло көшесі, 14 үйде орналасқан «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ базасында өткізіледі.

Қалалық кезеңге іріктеу кезеңінен өткен Өскемен қаласы білім беру ұйымдарының 7 және 8 сыныптарынан 1 оқушыдан қатысады.

Олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысу үшін қоса берілген үлгі бойынша өтінімді толтыру қажет.

Қалалық кезең тапсырмаларын орындау үшін оқушыларға мыналар қажет:

- еңбек туралы мақал-мәтелдерді білу;

- кәсіби табысты және атақты замандастардың өмірбаяндары туралы түсінігі болу;
- кәсіби қызмет салалары туралы түсінігі болу;
- Еңбек заттары мен құралдарының не екенін біліп, оларды нақты кәсіппен байланыстыра білу;
- кәсіптердің әртүрлі жіктелуі туралы түсінігі болу;
- қаланың және өңірдің аса маңызды кәсіпорындарын, олардың тауарлық белгілерін және шығарылатын өнімдерін білу керек.

5. Өткізу мерзімі

Олимпиада екі кезеңде өтеді:

1.Іріктеу кезеңі – **2019 жылдың 9 – 12 қазан аралығы (тестілеу ұзақтығы – 45 минуттан аспайды).**

2. Қалалық – **2019 жылғы 18 қазан күні сағат 14.00-де.**

Олимпиадаға қатысу өтінімдері **2019 жылдың 15 қазанына дейін** safarovant@goroo.ukg.kz почтасына электронды түрде қабылданады (1-қосымшаны қараңыз).

6. Марапаттау

Олимпиаданың қалалық кезең жеңімпаздарына I, II және III орын алғаны үшін грамоталар беріледі. Жүлдегерлер қатарына кірмеген қалған қатысушыларға сертификаттар тапсырылады.

1 қосымша

7-8 сынып оқушыларына арналған
кәсіби бағдар беру олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысуға өтінім

Білім беру мекемесінің атауы (толық):	
7 сынып оқушысы	
ТАӘ:	
Сынып:	
Тестілеу тілі:	
8 сынып оқушысы	
ТАӘ:	
Сынып:	
Тестілеу тілі:	
Кәсіби бағдар беру жұмысына жауаптының ТАӘ (толық):	